

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

### **3-6-мамыр аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ**

6-мамыр

Апталық жоспарға сәйкес 3-6-мамыр аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. 3- мамыр күні «Жас мамандар мектебінің» № 8 -отырысы өтті. Отырыста жас педагогтер өткізген сабақтарына өзіндік талдау жүргізді.

5. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Онгарбай Ж., Муратов М.Б., Ахат А.Д. оқушыларын облыстық Абай, Махамбет оқуларына дайындады.

6. «Тарихи тұлға-Ахмет Байтұрсынов» облыстық дөңгелек үстелге қатысуға Муратов М.Б. 8- сын. оқушысы Сашқақызы Камиламен «Ахмет-халық ұстазы» тақырыбында баяндама дайындады.

7. Апта бойы облыстық Абай, Махамбет оқуларына, республикалық жасөспірімдер олимпиадасына, республикалық «Абайтану» олимпиадасына дайындық жұмыстары жүргізілді.

8. «Тарих-ата» республикалық қашықтық олимпиаданың іріктеу кезеңіне қатысатын 7-9-сынып оқушыларының тізімі жасалды.

9. Көкшетау қаласы «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбындағы 3-апталық біліктілік курсы Ахат А. Д. өтуін жалғастырды.